

Әділетті Қазақстан

Еліміздің өсіп-өркендеуі қолға алған реформалардың тиімді жүзеге асырылуына байланысты. Біз осы іргелі мақсаттарға мызғымас бірліктің арқасында ғана қол жеткіземіз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АҚОРДА



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ –

үлкен жауапкершілік

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ Ерболат ДОСАЕВ

Алматы ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 18 мамыр күні сағат 9.00-де Шевченко көшесі, 97 мекенжайындағы Логистика және көлік академиясының ғимаратында өтеді. Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Алматы әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

ШАҢЫРАҚ



СЫЙЛАСТЫҚ – отбасылық өмірдің өлшемі

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

16.05.2023

Түнде:



+4+6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 7-12 м/с

17.05.2023

Түнде:



+6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 9-14 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №60 (6353) 16 мамыр, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕГАПОЛИС МӘРТЕБЕСІ

Әлемнің ірі инвесторлары – Алматыда



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһарда Азия және Тынық мұхиты аймағын дамыту институттары қауымдастығының конференциясы өтуде

Алматыда Азия және Тынық мұхиты аймағын дамыту институттары қауымдастығының (ADFIAP) 46-шы жыл сайынғы кездесуі басталды. Конференцияға 40-тан астам елден халықаралық даму институттарының 150-ден аса көшбасшысы қатысуда.

Әлемнің ірі инвесторлары бас қосқан алқалы жиынға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан ЖАМАУБАЕВ және Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ қатысып, сөз сөйледі.

3

БОКС: ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ҮЗДІК НӘТИЖЕ

Ұлттық құрама 4 алтын, 1 күміс жеңіп алды



Осылайша Ташкентте өткен ерлер арасындағы бокстан әлем чемпионатында ел құрамасы медальдар кестесінде 2-орыннан көрінді. Бұл – соңғы 10 жылдағы үздік нәтиже. Тура 10 жыл бұрын Алматыда өткен әлем біріншілігінде Қазақстан құрамасы 4 алтын, 2 күміс, 2 қола алған еді. Ташкенттегі додада шаршы алаң иелері – өзбекстандық боксшылар 5 алтын, 2 күміс, 2 қоламен көш бастады. Ресей құрамасы (2 алтын, 4 қола) үздік үштікті түйіндеді.

6

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.
- Президент бокстан қазақстандық әлем чемпиондарын құттықтады.
- Бокстан әлем чемпионаты: Қазақстан үздік үштікте!
- Ертең Мемлекет басшысының Қытайға мемлекеттік сапары басталады.
- Бүгін Үкімет отырысы өтеді.
- 20-21 мамырда Алматыда кәсіптік бағдар беру фестивалі өтеді.
- Түркияда Президент сайлауының екінші кезеңі өтеді: Режеп Тайип Ердоған көш бастап тұр.
- Алматыда тегін секциямен және үйірмемен 65 мыңнан астам бала қамтылды.
- Шаһар аумағында кенелерге қарсы өңдеу жұмыстарының екінші кезеңі басталды.
- Қазақ радиосының Алматыдағы тікелей эфир студиясына Әнуарбек Байжанбаевтың есімі берілді.
- «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталды.
- Алматылық екі оқушы Балқан математикалық олимпиадасында алтын алды.
- Футзал: Алматының «Қайраты» жиырмамыншы рет Қазақстан чемпионы атанды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Реджеп Тайип Эрдоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Эрдоғанды Түркиядағы президент сайлауының бірінші кезеңінде жеңіске жетуімен құттықтады. Президент сондай-ақ, парламенттік сайлауда Әділет және даму партиясы бастаған республикалық альянстың жеткен жетістігін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркия Президенттері бауырлас екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелерін талқылады.

■ СЕНАТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата Бюросының отырысында 18 мамыр күні болатын жалпы отырыстың күн тәртібі бекітілді.

Алдағы Сенат отырысында депутаттар «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл құжат Еуразиялық экономикалық одақ аясында несие тарихы жөніндегі мәліметтерді трансшекаралық алмасу үшін жағдай жасауды көздейді. Палата отырысында «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң да қаралады. Сондай-ақ, отырыста Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің жұмысы талқыланды және Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

■ МӘЖІЛІС

Ерлан Қашановтың төрағалығымен өткен Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет ету мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Оның аясында 2 кодекс пен 11 заңға өзгерістер енгізіледі. «Қорғаныс-өнеркәсіп кешені ұйымдарын стратегиялық объектілерге жатқызу және қорғаныс пен қауіпсіздік мұқтажы үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге септігін тигізетін нормалар енгізу, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушыны таңдау рәсімін тек конкурстық негізде және ашық жүргізу ұсынылады. Заң жобасында сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтік тәртіп үшін жауапкершілікті тек жеке-дара бірінші басшыларға ғана емес, барша бөлімше басшысына да жүктеу ұсынылады. Бұған қоса, барлық басшыға ұлттық қауіпсіздік органдарының кадр құрамын патриоттық тәрбиелеу және құқық бұзушылықтың алдын алу міндеті тапсырылады. Сондай-ақ, депутаттар 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ҚР Үкіметі мен Жоғарғы аудиторлық палатасы әзірлеген есепті, онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама туралы түзетулерді және Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы ратификациялық келісімді жұмысқа алды.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Президенттің Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын кешенді жаңғырту мәселелері талқыланды.

Премьер-Министр Мемлекет басшысы саладағы күрделі проблемаларды ескере отырып, елдің тіршілік көзіне қажетті барлық жүйені жаңғыртуға және күрделі жөндеуге бағытталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыруды тапсырғанын айтып өтті. «Ол үшін біз заннаамалық түзетулерді, нормативтік құқықтық актілерді қабылдадық. Бұған дейін табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламалары мен тарифтерін түзете алмай келген едік. Енді оған мүмкіндік туып отыр», – деді Әлихан Смайылов. Үкімет басшысы атап өткендей, бұл процесті сбалансқа салуға болмайды. Желілер мен станцияларды күрделі жөндеу жұмыстарын жедел бастау маңызды. Бұл – кезек күттірмейтін міндет.

■ ЖӘРДЕМАҚЫ

«Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау» мемлекеттік қызметін проактивті көрсету кезінде адами фактор толығымен алынып тастады, бұл оны көрсету мерзімін 1 жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік берді, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұған дейін бұл қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметкерлерінің қатысуымен көрсетілген және оны көрсету мерзімі 8 жұмыс күнін құраған. Осы жылдың ақпан айында аталған жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішті қарау автоматтандырылды, бұл 4 жұмыс күні ішінде қызмет көрсетуге мүмкіндік берді. Келесі кезеңде адами фактор толығымен алынып тасталды. Мамыр айының басынан бастап мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау Еңбекминінің ақпараттық жүйелері арқылы жүргізіледі, бұл қызмет көрсету мерзімін тағы 1 жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Қызметті проактивті форматта 1414 бір ғана SMS-хабарламасына жауап беру, жәрдемақыны проактивті ресімдеуге келісім беру және банк шотын растау арқылы алуға болады. Қызмет көрсету үшін барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түседі.

■ БІЛІМ

Биыл мектептерде соңғы қоңыраулар өткізілген жағдайда, бұл іс-шараны 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орайластырып, соның форматында өткізу ұсынылады. Бұл туралы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каримова мәлімдеді.

Мектептердегі оқу мерзімі 31 мамырда аяқталады. Спикер әрбір мектеп салтанатты шараны, соңғы қоңырау өткізу туралы шешімдерді дербес қабылдайтынын айтты. Оқу-ағарту министрлігі соңғы қоңырау өткізуге қатысты мектептердің осыған дейінгі дәстүрлерін қолдайды, дегенмен, министрліктің нормативтік құжаттарында мұндай іс-шара қарастырылмаған. «9–11-сынып түлектері бітіру емтихандарын тапсырады. 9-сынып бітірушілер қорытынды мектеп емтихандарын 2–13 маусым аралығында тапсырады. Ал 11-сынып бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар 5–19 маусым аралығында өтеді. Аттестаттарды тапсыру бойынша салтанатты іс-шаралар өткізіледі, бұл іс-шараларды министрлік 20, 21, 22 маусым күндері өткізуді ұсынып отыр», – деді Ш.Каримова. Спикердің сөзінше, биылғы оқу жылын 18 мыңнан астам мектепке дейінгі және мектептер мен кәсіби техникалық білім беру мекемелері аяқтайды. 2022–2023 оқу жылын 288 мыңнан астам 9-сынып түлектері бітірмек. Биыл 9-сыныптың түлектерін оқуға қабылдау аттестаттың орташа балы негізінде жүзеге асырылады, емтихандар тапсырылмайды. Сондықтан жұмысшы мамандықтарын немесе орта біліктілік мамандығын таңдайтын түлектер үшін биыл 130 мыңға жуық мемлекеттік тапсырыс орындары бөлінген. Осы оқу жылын 172 мың 11-сынып оқушысы бітірді, бұл – меншік нысанына қарамастан барлық білім мекемелерінің түлектері.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ АҚОРДА

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – үлкен жауапкершілік



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Экологиялық қауіпсіздік

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, жиында экология және су қауіпсіздігі мәселелері қаралды. Жиында Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ, бірқатар мемлекеттік орган басшылары мен өңір әкімдері жеке-кеңе мәселелер бойынша есеп берді.

келсе және мемлекетімізді бүкіл әлем мойындағанын қаласақ, біз олардан үлгі алуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экология саласында шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін проблемаларға баса назар аударды. «Кеңес кезеңінен келе жатқан көптеген өндіріс орны, көмір жағатын электр станциялары мен қазандықтар экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқтырды», – деді Президент.

Жиында қоршаған ортаны қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарау жөнінде де бірқатар мәселе көтерілді. Президент облыстар мен республикалық маңызы бар

жерлерді қайта қалпына келтіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Су қорын ұрпаққа сақтау – маңызды міндет

Жиын барысында су қауіпсіздігі саласындағы қауіп-қатер деңгейінің артып келе жатқаны жөнінде де айтылды.

Мемлекет басшысы экономиканың барлық саласында, әсіресе, агроөнеркәсіп кешенінде суды үнемді пайдалану және су шығынын азайту үшін жүйелі тәсілдер қажет екеніне тоқталды. Себебі, тоғандардың және су ресурстары шығынының негізгі бөлігі осы ауыл шаруашылығы саласына тиесілі.

Су үнемдейтін технологияны енгізу және суды тиімді тұтынуды экономикалық тұрғыда ынталандыру шараларын дамытумен қатар, су шаруашылығы инфрақұрылымын, атап айтқанда, суды пайдалану мөлшерін есептеу, мониторинг жүргізу және болжам жасау ісін цифрландырудың өзектілігі артып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы нысандары жұмысының тиімділігін және бөлінетін қаржыны жұмсаудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Президент Үкіметке экология мен су салаларындағы ғылыми және кадрлық әлеуетті күшейту үшін шаралар қабылдауды тапсырды. 2030 жылға дейін кезеңде су ресурстарын бағалау саласында мақсатты ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылады. Оның нәтижесі су саласын басқаруда ескеріледі.

Мемлекет басшысы күн тәртібіндегі екінші мәселені талқылау нәтижесінде сапалы ауысудың қолжетімді болуы су қауіпсіздігінің басты көрсеткіші екенін атап өтті.

• *Халықты ауысуды қамтамасыз ету және су қорын келешек ұрпаққа сақтау үшін ж а н - ж а қ т ы ш а р а л а р қабылдау – біздің тікелей міндетіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

Жиын соңында уәкілетті мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды бағыты саналатын су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырмалар берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Президент Кеңес барысында экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін табиғи және антропогендік факторларға қарсы күрес аса маңызды екенін атап өтті.

• *Соңғы жылдары көптеген елдің үкіметтерінің белсенділігі артты. Экологияны жақсарту, «жасыл» экономикаға көшу және көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізу үшін батыл шешімдер қабылданып жатыр. Ұрпағымыздың дені сау болып, ауасы таза елде өмір сүргіміз*

қалалар басшыларының назарын рұқсат етілмеген жерлердегі коқыстарды жою және коқыс өңдеу көрсеткіштерінің төмен екеніне аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру нәтижесінде Үкіметке ұлттық экологиялық стандарттарды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өндіріс орындарының зиянды шығарындыларын азайту, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, рұқсат етілмеген жерлердегі коқыстарды жою және эрозияға ұшыраған



ФОРУМ

МЕГАПОЛИС МӘРТЕБЕСІ

Әлемнің ірі инвесторлары – Алматыда



Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

ADFIAP конференциясын ашқан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев ҚР Үкіметі атынан құттықтау сөз сөйлеп, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттырудың және Қазақстан экономикасының өсуін арттыруда шетелдік инвестицияларды тартудың ерекше маңызын атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан халықаралық деңгейде өзара тиімді экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты белсенді қолдайтынын тілге тиек етті.

Бұл конференцияның біздің мегаполис үшін де орны ерекше. Себебі, Алматы алғаш рет іргелі қаржы институттарын кең ауқымда қабылдап жатыр. Жиынға қатысып, сөз сөйлеген Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев та бұл біздің мегаполис үшін маңызды оқиға деп атап өтті.

«Алматы алғаш рет даму институттарын осындай кең ауқымда қабылдауда. Қазақстан 2006 жылдан бастап Еуропалық Даму Банкінің (ЕДБ) құрылтайшыларының бірі болып табылады. Биыл біз Еуропалық Даму Банкідегі үлесімізді 32,99%-дан 37,29%-ға дейін арттырдық. Қазіргі уақытта біз Еуропалық Даму Банкімен бірлесіп Алматыда Жылу электр орталығын (ЖЭО) модернизациялау, Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалын және Үлкен Алматы айналма автожолын (УАААЖ) салу сияқты маңызды жобаларды іске асырып жатырмыз», – деді Ерболат Асқарбекұлы.

Алматы – Қазақстанның мәдени, ғылыми, іскерлік және қаржы орталығы. Алматы қаласының үлесіне жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бестен бір бөлігі (2022 жылы 18,5%) және Қазақстан Республикасы бюджетінің барлық кірісінің төрттен бірінен астамы тиесілі. Шағын және орта бизнес (ШОБ) қала экономикасының шамамен 60%-ын құрайды. Мұнда республиканың Бас банктерінің 90%-ы шоғырланған, 111 халықаралық ұйым мен компаниялар орналасқан.

«Бүгінде жаһандық белсенділік векторы Азияға көшу барысында Алматы қаласының алдында дамудың жаңа перспективалары ашылуда. Былтыр біз «Алматының 2025 жылға дейінгі Даму бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспек-

тиваларын» бекіттік. Қаланы Дамыту бағдарламасы инвесторлар үшін жобаларды іріктеу кезінде нақты бағдар беретін болады. Экологиялық күн тәртібі Алматы үшін маңызды. Біз экологиялық көлік жүйесіне, тұрғын үй мен ғимараттардың энергия тиімділігін арттыруға, коммуналдық қызметтерді жаңғыртуға және тағы басқа салаларға инвестициялар тартуға қызығушылық білдіріп отырмыз. Мен Сіздерді Алматыдағы осындай жобаларға инвестиция салуға шақырамын», – деді қала басшысы Е.Досаев.

Сондай-ақ, бұл кездесу Азия және Тынық мұхиты аймағын дамыту қаржы институттары қауымдастығының даму институттары арасындағы практикалық ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам болып табылатынын атап өтті.

Мегаполиске келген делегаттар мен меймандар қатарында Оңтүстік-Шығыс Азия, Еуропалық Одақ, Латын Америкасы, Африка және Таяу Шығыстан, сондай-ақ Жаңа Зеландия, Канада, Түркия, Жапония, Қытай, Үндістан, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания мен АҚШ-

тан, сонымен қатар БҰҰ құрылымдарын қоса алғанда, халықаралық ұйымдардың өкілдері бар.

Еуразиялық Даму Банкінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан конференцияның алғашқы күні «Инвестициялар Орталық Азиядағы орнықты өсудің драйвері ретінде: даму институттарының рөлі мен басымдықтары» атты арнайы сессия өтті. Онда Африка қаржы корпорациясының президенті және бас атқарушы директоры Самайла Зубайру, Азия даму банкінің (АДБ) жеке сектордағы операциялар жөніндегі бас директоры Сюзанна Габури, жаңа даму банкінің вице-президенті және тәуекелдер жөніндегі бас маманы Анил Кишора, FONPLATA вице-президенті Мариана Прадо Нойя және ЕАДБ басқарма төрағасы Николай Подгузов баяндама жасады. Арнайы сессияның тізгінін BNE IntelliNews негізін қалаушы және бас редакторы Бен Арис ұстап отырды.

Сессияға қатысушылар Орталық Азия елдерінің алдында тұрған негізгі сын-қатерлерді және өңірдің инвестициялық және экспорттық әлеуетін іске асыру үшін даму инсти-

туттарының басымдықтарын талқылады. Конференцияның екінші күні, яғни бүгінгі арнайы сессияда спикерлер Қазақстанның және Орталық Азия елдерінің инвестициялық әлеуеті мен жобаларын әлемнің ең жылдам дамып келе жатқан өңірі ретінде таныстырады.

Алматы төріне ірі инвесторларды жинап отырған Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) – Еуразиялық кеңістікте инвестициялық қызметті жүзеге асыратын халықаралық қаржы ұйымы. 17 жылдан астам уақыт бойы экономикалық байланыстарды нығайтуға және кеңейтуге, сондай-ақ қатысушы елдердің жан-жақты дамуына жәрдемдесіп келеді.


Ал ADFIAP (Азия және Тынық мұхиты даму институттарының қауымдастығы) туралы айта кетер болсақ, БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі жанындағы консультативтік мәртебесі бар үкіметтік емес ұйым. Оның қызметі өңірдегі орнықты экономикалық, экологиялық, әлеуметтік даму мен өсуге жәрдемдесуге бағытталған. Даму банктері мен қаржы институттарын үйлестіреді. ЕАДБ былтырдан бері осы ADFIAP мүшесі.

Суретті түсірген Сағат ҚҰСАЙЫНОВ.

БРИФИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

1 шілдеден бастап АХАТ функциялары ХҚКО-на беріледі



АХАТ бөлімі жабылмайды, қызмет көрсету орындары енді ХҚКО-ларда орналасатын болады. Жүйедегі бұл өзгерісті Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы Әділет департаментінің өкілдері айтты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ХҚКО-ларда азаматтық хал актілерін тіркеуге байланысты мемлекеттік қызметтердің барлық түрі көрсетілетін болады.

Алматы қаласы Әділет департаментінің Тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімі басшысының м.а. Жанар Бейсенованың айтуынша, азаматтар барлық мемлекеттік қызметті бір жерден «бір терезе» қағидаты бойынша алу үшін барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары бірінғай жүйеге біріктірілген.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге

мына функциялар жатады:

- тууды, неке кию және бұзуды, өлімді мемлекеттік тіркеу;
- акт жазбаларына өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізу, оның ішінде атын, әкесінің атын, тегін өзгерту, әкелікті (анасы екенін) анықтау, бала асырап алу;
- азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру және жою;
- бастапқы және қайталама куәліктерді, анықтамаларды электрондық нұсқада немесе қағаз түрінде беру.

Сонымен қатар, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу қызметтеріне ақы төлеу бойынша өзгерістер енгізілді. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін төлемақы мөлшерін Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын болады. Сондай-ақ, азаматтардың кейбір санаттары азаматтық хал актілерін тіркеу қызметтері үшін төлемақыдан босатылды.

Департамент жеке өмір, жеке және отбасылық құпия заңмен қорғалатынын атап өтті. Сондай-ақ, азаматтардың жеке және отбасылық өмірі туралы мәліметтерді жария еткені үшін жауапкершілік бар екенін еске салды.

«Тіркеуші органдардың қызметкерлері асырап алушының келісімінсіз асырап алу туралы қандай да бір мәліметтерді хабарлауға және асырап алушылардың асырап алынған баланың ата-анасы болып табылмайтындығы туралы ақпаратты қамтитын құжаттарды беруге құқы жоқ. Бұл өте сезімтал мәселе, қатаң бақылауда», – деді Алматы қаласы Әділет департаментінің Тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің жетекші маманы Сара Мурзиева.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



«Жасыл мекен» челленджі басталды

Алматыда ағаш отырғызу, жасыл желектерді көбейту мақсатындағы «Жасыл мекен» республикалық челленджі бастау алды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Экологиялық акция жас ұрпақты экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға, ең бастысы еңбекқорлыққа баулуға бағытталған.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің үйлестіруімен Алматы қаласы Экология және қоршаған

орта басқармасы тарапынан қолдау тапқан іс-шара бұрнағы күні Алматы қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен жүзеге асты.

Оған мегаполистің орта және қосымша білім беру ұйымдары мен колледждерінен 42 мыңнан астам адам қатысты. Арнайы бөлінген аумаққа барлығы 1000-ға жуық көшет отырғызылды. «Жақсыдан бақ қалады» демекші, бұл игілікті істен оқушылардың ата-аналары да шет қалған жоқ.

Челленджге қатысқан 5 мыңнан астам ата-ана көшеттер мен бір жылдық гүлдер егуге атсалысып, жас ұрпаққа еңбекқорлықтың үлгісін көрсетті.



ҚАУІПСІЗДІК

АСПАЛЫ ЖОЛДАР
ЖАБЫЛАДЫ

14 мамырдан кейін «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортына тек эко-автобус немесе таксимен көтерілуге болады. Бұл туралы тау-шаңғы курортының баспасөз қызметі мәлімдеді.



«Шымбұлақ» ТШК баспасөз қызметі хабарлағандай, 15 мамырдан 31 мамырға дейін – «Меду-Шымбұлақ» және «Комби-1» аспалы жолы, 15 мамырдан 9 шілдеге дейін – «Комби-2» аспалы жолы, 4-креслолы-аспалы жолы (4-КАЖ) штаттық режимде жұмыс істейтін болады. 14 мамырдан кейін Шымбұлаққа тек эко-автобустармен немесе таксилермен көтерілуге болады.

«Жазғы маусымға есігімізді ашпаш бұрын – біздің аспалы жолдарымыз жыл сайынғы профилактикалық жөндеуден өтуі керек. Мұның бәрі сіз бен біздің қауіпсіздігіміз үшін қажет. Мамыр айы – жаяу серуендеуге және тауға шығуға тамаша уақыт. Біз сіздерді күтеміз, курортта кездескенше», деп хабарлады «Шымбұлақ» ТШК баспасөз қызметі.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҚАСБЕТ ҚАЙТА ЖАСАЛАДЫ

Алматыда қатты желдің салдарынан қасбеті жарғылай құлаған үйдің тұрғындары үйдің қасбетін қайта жаңғырту үшін өтінім берді. Бұл туралы Әуезов ауданының әкімдігі мәлім етті.



Аудан әкімдігі өкілдерінің айтуынша, бұл үйді 2015 жылы «Nest Stroy» ЖШС пайдалануға берген. 5 жылға созылған

кепілдік мерзімі аяқталған болатын.

Олқылықтың орнын толтыру үшін пәтер иелері «Тұрғын үй»

ЖШС арқылы үйдің қасбетін қайта жаңғыртуға өтінім берді. 15 мамырдан бастап жобалау-сметалық құжаттаманы жасау жұмыстары басталды. Бүгінде Әуезов ауданының коммуналдық қызметтерінің күшімен аумақты жинау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

МИБ өкілдерімен және құрылыс салушымен («Nest Stroy» ЖШС) түсіндіру жұмыстары барысында аталған компания қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қаржылық көмек көрсетеді деген уағдаластыққа қол жеткізді. Жұмыстарды үшінші тарап компаниясы жүргізеді және қысқа мерзімде жұмысқа кіріседі.

Айта кетейік, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қосқанда, кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІ



Алматыда биік ғимараттар мен тұрғын үйлердің қабырғаларына салынған муралдар саны артып келеді. Бүгінде қала көшелерінен кескіндеме өнерінің түр-түрін байқауға болады.



ЖАРНАМАЛЫҚ МУРАЛ

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы Абылай хан даңғылы, 59/61 мекенжайындағы тұрғын үй қасбетіндегі қар барысы муралын жарнамалық муралға ауыстыру пәтер иелерінің келісімі бойынша орындалатынын және оған осы үйдің «Орман» ТПИК бастамашы бол-

ғанын хабарлайды. Осы тұста мұндай жарнамалық сурет салуға үй иелерінің ғана құқығы бар екенін айтқан жөн.

2023 жылдың 5 мамырында басқарма 70 шаршы метрлік жарнамалық муралды орналас-тыру туралы хабарламаны тіркеп, бұл жарнаманы заңдастыру

үшін тапсырыс беруші компания аталмыш басқармаға барлық қажетті құжатын ұсынған болатын.

Хабарламаны тіркеуден бас тартуға негіз болған жоқ. Себебі, эскиз Қазақстан Республикасының жарнама саласындағы заңнаманың талаптарына сай келеді.

СОТ ШЕШІМІ

ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН
мейрамхананың жазғы
террасасы сүрілді

Алматыда заңсыз салынған нысандарды сүру жұмыстары жалғасуда. Кеше қала тұрғындарының өтінішімен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қала орталығындағы «Чачапури» мейрамханасының жазғы террасасы сүрілді.

Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, Абылай хан даңғылы, 107 мекенжайындағы тұрғын үйге қосалқы салынған нысан заңсыз тұрғызылған. Басқарма оны жазғы алаңға тексеру жүргізу барысында анықтаған.

Тексеру нәтижелері бойынша жалға алушы «Матадор» ЖШС «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 322-бабы 1, 319, 323-бөлігі бойынша жауапкершілікке тартылды. Аталмыш басқарма меншік иесі мен жалға алушыға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі ауданаралық сотқа

және мемлекеттік қор аумағында орналасқан заңсыз салынған жазғы алаңды бұзу туралы ауданаралық экономикалық сотқа талап арыздар берген.

Басқарманың талап-арыздары қанағаттандырылды. Алайда, Алматы қалалық сотына апелляциялық шағым түсті. Сот процес-тері 2023 жылдың 25 сәуірінде аяқталды. Апелляциялық соттың қаулысымен заңсыз нысанды бұзу жөніндегі шешім өзгеріссіз қалды. Сүру жұмыстары ағымдағы жылдың 12 мамырында сот орындаушыларының қатысуымен орындалды.

Бетті дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ДЕЗИНСЕКЦИЯ

АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАР ҮШІН ҚАУІПСІЗ

Алматы қаласында биылғы 15 мамырдан бастап жалпы ауданы 2424,54 га болатын орманды алқаптарда, қала саябақтары мен скверлерінде кенелерге қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарының 2-ші кезеңі басталды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Өңдеу жұмыстарымен 8 орманды алқап (көлемі – 1904,924 га), қаланың 144 саябағы мен скверлері (көлемі – 519,616 га) қамтылады және ауа райына байланысты (құрғақ, жауын-шашынсыз күндері) кестеге сәйкес осы

жылдың 15 мамырынан 5 маусымға дейін жүргізіледі.

Дезинсекциялық іс-шараны Алматы қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің мамандарының тікелей бақылауымен «Алматы қаласының дезинфекция орталығы» филиалы өкілдері атқарады. Жасақталған дезбригадалар қажетті құралдармен, көліктермен және

жеке қорғаныш заттарымен жабдықталған.

Кене энцефалитіне қарсы дезинсекциялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін «Фаворит» акарицидтік препараты қолданылады. Препарат аз уытты және қауіптілігі төмен санатқа жатқызылады. Кенелердің көзін жою үшін қолданылатын дозалар ең аз және адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз. Өңдеу жұмыстары таңертеңгілік мезгілде жүргізіледі. Өңделетін аумақтардың шекараларында «Кенеге қарсы өңдеу жүргізілуде» деген ескерту хабарламасы бар тақталар орнатылады.



ОТБАСЫ КҮНІ

«СЕНДЕРГЕ ӘРДАЙЫМ ОРЫН БАР»

Алматыда жас жұбайларға неке куәлігі салтанатты жағдайда табысталды

15 мамырда Халықаралық отбасы күні аталып өтті. Атаулы күнге орай Алматы қаласының орталық Неке сарайында көңіл жарастырып, жүрек біріктіріп, отау құрып жатқан жас жұбайларға салтанатты жағдайда «Неке туралы куәлік» табысталды.



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Жастардың қуанышын Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, қалалық мәслихат депутаттары, Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, әлеуметтік даму бөлімінің бас инспекторы Гүлнара Әмірова, сондай-ақ, «Мерейлі отбасы» қалалық байқауының былтырғы жеңімпазы Кішкенбаевтар отбасы және жұбайлардың туған-туыс, дос-жарандары бөлісті.

Салтанатты іс-шара күйеу жігіттердің ақ көйлек киген, нәзік қалыңдықтарына бір құшақ гүл ұсынумен басталды. Медеу ауданының тұрғындары – Дәулет Манап пен Гаухар Жұмабаева, Жасұлан Сауранбай мен Динара Нағашыбай, Асқар Қайырбаев пен Алина Пожидаева және Сергей Витман мен Ирина Поданева ортаға келіп, бірін-бірі қолтықтай, жараса тұра қалғанда, жиналған қауым ду қол соқты. Жас жұбайлар бір-біріне неке жүзігін тағып, «Жас жұбайлар» әнінің ырғағымен орта-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ға шығып, бір-біріне асқан сүйіспеншілікпен көз тастап, тербетіле-валыс биледі.

Бақыт құшағында тербеліп тұрған жас жұбайларға былтыр «Мерейлі отбасы» жеңімпазы атанған аға буын Бақыт және Бақытжан Кішкенбаевтар ізгі лебізін арнап, батасын берді.

– Міне, айналайын жастар, шаңырақ көтеріп жатсыздар. Біздің бас құрағанымызға 46 жыл болды. Үй болған соң бәрі болады. Бірақ қиындықта мұқалмай, қуанышта тасымай, әрдайым бір болып, төзім, сезім, сенім деген қасиеттерді серік етсеңіздер, нағыз үлгілі отбасы болатындарыңызға сенімдімін. Ешқашан жаманшылық көрмеңіздер, бақытты болыңыздар! – деп ақ тілегін білдірді Бақытжан Бөкешқызы.

Бақыт ата мен Бақытжан апа бүгінде 6 ұлдан 21 немере сүйіп отырған киелі шаңырақ иесі. Жас

жұбайларға осындай жандардың жолын берсін деп тіледік біз де.

Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, әлеуметтік даму бөлімінің бас инспекторы Гүлнара Әмірова да бақытты жастарға тілегін арнап, қала әкімдігі атынан жас жұбайларға бағалы сыйлықтар табыс етті. Ал Бақыт пен Бақытжан Кішкенбаевтардың иығына шапан, қамзол жабылды. Аға буын мен жас буын естелік суретке түсті.

Жыл сайын дүние жүзінде 15 мамырда Халықаралық отбасы күні атап өтіледі. 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген бұл күн қоғамдағы отбасы мәртебесін көтеруді, ұрпақ тәрбиесіне жігіт көңіл бөлуді көздейді. Иә, отбасы – мемлекет уығы. Барлық шаңырақтың керегесі кең, бо-

сағасы берік болса, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы да қарқынды болары сөзсіз.

Кез келген отбасының негізгі міндеті – балаларды махаббатпен өсіру, жеткізу, оларға лайықты білім беру және осынау өмірде өз орнын табуға көмектесу. Ал білімді, тәрбиелі ұрпақ, отбасының аман-саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі.

Бүгінгі күні шынайы сезіммен қосылып, некесі қиылып отырған, бір-біріне аялай қараған жас жұбайлар осынау құндылықтарды сезініп, түйсініп барып, шаңырақ көтеріп отыр деп білеміз. Махаббат бар жерде бақыт та болады.

Айта кетсек, биыл жыл басынан бері қалада 7 мыңнан астам ерлі-зайыпты некеге тұрып, отбасылық өмірін бастаған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

ұлттық байқауы өтеді

Отбасы мәртебесін арттыру мақсатында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі. Оған өтінім қабылдау басталды. Өтініштерді 15 маусымға дейін аудандық және қалалық комиссиялар қабылдайды. Әр аймақтан 1 отбасы байқау жеңімпазы болып таңдалады. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Facebook парақшасында жазды.

Сондай-ақ, министр «15 мамыр – Халықаралық отбасы» күнімен қазақ халқын құттықтады.

«Отбасы – әрбір азамат үшін қастерлі ошағы, Отанның бастауы, аяулы ата-анасы мен алтын ұясы. Сондықтан бұл мерекенің орны айрықша. Отбасыларыңызға амандық, әулеттеріңізге береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін», – деп жазды Д.Қыдырәлі парақшасында.

Одан бөлек, Дархан Қыдырәлі алдағы жоспарларымен бөлісті. Отбасы институтын нығайту, дәстүрлі отбасы құндылықтарын дәріптеу бағытында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы және оны іске асыру жоспары қабылданған-ды. Жоспарға сәйкес отбасын қолдау орталықтары ашылууда. Бүгінде орталықтардың жалпы саны 68-ге жетті.

«2025 жылға дейін 143 орталық ашылады деп жоспарлануда. Жалпы, ата-аналардың балалармен бірге уақыт өткізуіне кедергі келтіретін негізгі себептер – жұмысбастылық (25%) және үй жұмыстарының көптігіне байланысты уақыттың болмауы (10,6%). Өз балаларын тәрбиелеу кезінде қазақстандықтар еңбекқорлық (33,8%), өзін-өзі бағалау (31,8%), адалдық (31,7%), үлкендерге құрмет (25,3%) сияқты құндылықтарға баса назар аударады», – деді министр.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ӘЛЕМ ЖӘНЕ АЛМАТЫ

Шаһарда өткен өңірлік хайуанаттар мен аквариумдар қауымдастығының жиынына дүние жүзінің 21 елінен делегаттар келді

Алматыда Еуро-Азия өңірлік хайуанаттар мен аквариумдар қауымдастығының жыл сайын болатын дәстүрлі халықаралық конференциясы өтті.



Күралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Қазақстан» қонақүйінде Алматы хайуанаттар бағы ұйымдастырған шараға әлемнің 21 елінен (Германия, Қытай, Малайзия, Түркия, Швеция, Бразилия, Әзербайжан, БАӘ, Өзбекстан, Беларусь, Ресей, Чехия, Тәжікстан, Қырғызстан, Армения, Словакия, т.с.с.) 160-тан астам делегат қатысты.

Еуроазиялық өңірлік хайуанаттар мен аквариумдар қауымдастығының (EARAZA) президенті Светлана Акулованың айтуынша, конференцияда хайуанаттарды күтіп-баптау, сирек кездесетін, азайып бара жатқан түрлерін сақтау және көбейту, жануарларға қолайлы жағдай жасау сынды тақырыптар талқыланды. Сонымен қатар, қауымдастық қатарына жаңа мүшелер қабылданды.

– Алматыдай әсем қалада бас қосқанымыз үшін қуаныштымын. Сондықтан мен ең алдымен бізге қолдау білдірген Алматы қаласы әкімдігіне, Хайуанаттар бағының басшылығына және іс-шараны ұйымдастыруға үлес қосқан барлық әріптестерімізге алғыс айтамын. Қазіргі хайуанаттар бағының



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Александр ЛИПКОВИЧ, биология ғылымының докторы, Ростов хайуанаттар бағы ғылыми-әдістемелік бөлімінің аға ғылыми қызметкері:

АЛМАТЫНЫҢ ТАУЛАРЫН КӨРУ – АРМАНЫМ...

Конференцияға қатысқаным өте қуаныштымын. Бұған дейінгі іс-шара Ростов хайуанаттар бағының 95 жылдығына орай біздің елде өткен болатын. Ең бастысы, мұндай басқосу мамандардың өз тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік береді. Себебі, Хайуанаттар бағында орын алатын жаздайлар осындай басқосуда шешімін тауып жатады. Бүгінгі іс-шара осын-

дай ақпараттарды бөлісуімен құнды. Қазақстанның басқа қалаларына барғаным. Бірақ Алматыға алғаш келуім. Қала туралы өте көп жақсы пікірлер естимін. Сондықтан ең бірінші қаланың өзін аралап, тамашалағым келді. Одан кейін тауларын көру – менің арманым... Алдағы күндері таулы аймаққа саяхат жасауға уақыт табамын деп ойлаймын.

басты міндеті – планетамыздың биоәртүрлілігін сақтай отырып, сирек кездесетін жануарлардың қатарын көбейту, оларды қамқор-

лыққа алу. Сондықтан бүгінгі іс-шарада сіздер әлемнің түрлі елдерінен келген тәжірибелі мамандардың жұмыстарымен танысып, мықты

ветеринарлардың кеңесін тыңдайсыздар. Диалог алаңында әріптестік байланыс орната отырып, көптеген мәселелерді шешудің

жолдарын қарастыратын боламыз. Сондай-ақ, бүгін біз 4 елде ашылған 7 түрлі жаңа хайуанаттар бағымен танысамыз. EEARAZA конференциясы – зоологиялық қауымдастық үшін қашанда ауқымды іс-шара болып қала бермек. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарға бүкіл әлем мамандарының қызығушылық танытып жатқаны бізді қуантады, – дейді қауымдастық басшысы.

Іс-шара барысында EEARAZA-ның осы бағыттағы проблемалары мен перспективалары талқыланды. Конференцияға қатысушылардың әрқайсысы өз еліндегі жануарлар әлеміне қатысты мәселелерге тоқтала отырып, әзірлеген баяндамаларын оқыды. Қатары сиреп бара жатқан және сирек кездесетін хайуанаттар мен зардап шеккен жануарларға қандай қамқорлық көрсетіп жатқандары жайында тәжірибелерімен бөлісті.

Айта кетейік, конференция 13–15 мамыр аралығында өтті. Іс-шараның бірінші күні конференцияға келген қонақтар ресми тіркеуден өтіп, өзара әріптестік байланыс орнатуға арналды. Одан кейін шетелдік қонақтар Алматы хайуанаттар бағына саяхат жасады.

Бүгінде Алматы мемлекеттік зоологиялық паркінде 3,5 мыңнан астам жануарлардың 400-ге жуық түрі бар экспозиция орналасқан. Бұл жануарлардың барлығы алты экспозиция секциясына бөлінген.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, конференцияның соңғы күні шетелдік қонақтар «Алтын емел» ұлттық паркіне, Шарын шатқалы мен «Айғайқұм немесе Өнші құм» атты құмды төбеге саяхат жасады.



БОКС: ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



(Басы 1-бетте)

Еліміздің қоржынына алғашқы алтынды Санжар Тәшкенбай салды. Ол 48 келіге дейінгі салмақта грузиялық Сахил Алахвердобимен алтын жүлдені сарапқа салды. Бірінші раундта төрешілер түгелдей С.Тәшкенбай басым деп тапты. Екінші кезеңде Санжар сол басымдылығын сақтап қалды. Қорытынды есеп – 5:0.

Дулат Бекбауов күміс жүлдегер атанды. Дулат 67 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Асадхужа Муйдинхужиевпен қолғап түйістірді. Осыған дейін қарсыластар өзара бір рет кездесіп, онда Дулат жеңген еді.

Алғашқы раундта өзбекстандық боксшының соққылары дәлірек тиді – 5:0. Екінші кезеңде бес төрешінің төртеуі А.Муйдинхужиевке басымдық берді. Үшінші раундта Дулат Бекбауов алға ұмтылып баққанымен, кеш болды. Қорытынды есеп – 5:0, өзбекстандық спортшының пайдасына шешілді.

Санжар Тәшкенбайдан кейін Қазақстан қоржынына екінші алтынды Махмұд Сабырхан салды. 2 жыл бұрын Белградта өткен әлем чемпионатында күміс жүлде алып, қазақтың Ломаченкосы атанып кеткен түркістандық Махмұд Сабырхан 54 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Джизак облысының өкілі Ойбек Джүраевпен қолғап түйістірді.

Бірінші раундта Махмұд соққыларын дәл жұмсап, төрешілердің бәрін өзіне бұрды – 5:0. Екінші кезеңде бес қазының төртеуі басымдықты қазақ боксшысына берді. Үшінші раундта М.Сабырхан қарсыласын екі рет нокдаунға жіберді. Сөйтіп, оны бет қаратпай, айқын басымдылықпен ұтты.

Құрама капитаны Асланбек Шымбергенов Қазақстан қоржынына үшінші алтынды салды.

Жамбыл облысының өкілі, Азия жеңімпазы А.Шымбергенов 71 келіге дейінгі салмақта екі мәрте құрлық чемпионы, өзбекстандық Саиджамшид Джафаровпен жұдырықтасты. Асланбек бірден жекпе-жек

«Бокстан әлем чемпионатының финалдық жекпе-жектерін зор қызығушылықпен тамашаладым. Жеңіске деген ерік-жігер мен шынайы патриотизмнің жарқын үлгісін көрсеткен боксшыларымыз Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергенов және Нұрбек Оралбайды шын жүректен құттықтаймын! Қазақтың төрт жігіті – әлем чемпионы!»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ,
ЖІГІТТЕРДІҢ ТӨРЕСІ

ҮЗДІК НӘТИЖЕ: ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА 4 АЛТЫН, 1 КҮМІС ЖЕҢІП АЛДЫ

ЖАЛПЫ МЕДАЛЬДАР
КЕСТЕСІ:

1. Өзбекстан (5-2-2).
2. ҚАЗАҚСТАН (4-1-0).
3. Ресей (2-0-4).
4. Куба (1-3-2).
5. Франция (1-1-1).
6. Грузия (0-1-2).
7. Моңғолия (0-1-1).
7. Бразилия (0-1-1).
7. Әзербайжан (0-1-1).
10. Қытай (0-1-0).
10. Италия (0-1-0).
12. Үндістан (0-0-3).
12. Испания (0-0-3).
14. Армения (0-0-2).
15. Қырғызстан (0-0-1).
15. Иордания (0-0-1).
15. Тәжікстан (0-0-1).
15. Мексика (0-0-1).

тізгінін қолына алды. Өзбекстандық боксшының мұрны да қанады. Бірінші раунд есебі – 5:0. Екінші кезеңде таразы басы С.Джафаровқа ауды – 3:2. Қорытынды есеп – 5:0.

Қазақстаннан төртінші болып әлем чемпионы Нұрбек Оралбай атанды. Жастар арасында әлем чемпионы Нұрбек Оралбай 80

келіге дейінгі салмақта финалда қытайлық қандасымыз Тоқтарбек Таңатханмен чемпиондық атақ үшін рингке шықты.

Бірінші раундта бес төрешінің төртеуі қазақстандық боксшыны басым деп тапты. Екінші кезең – 3:2. Жекпе-жек қорытындысында Нұрбек Оралбай жеңіске жетті.

ФУТБОЛ



Алматыда БАҚ өкілдерінің арасында журналист, спорт комментаторы, айтыскер ақын Амангелді Сейітханды еске алуға арналған футболдан республикалық турнир өтті. Бұл спорттық шара биыл екінші рет ұйымдастырылды. Республика деңгейіндегі шағын футбол турнирін ұйымдастырушы – «Хабар» агенттігі» АҚ ұжымы. Турнирге Талдықорған, Алматы, Астана, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда және Атырау қаласынан командалар келуге өтініш берді. Жалпы 16 команда қатысты.

АМАНГЕЛДІ СЕЙІТХАН

атындағы республикалық турнир



Жүлде Қызылорданың «Ақмешіт» командасына бұйырды. 2-орынды астаналық «Казмедиа» командасы алса, 3-орынды Атырау қаласынан келген команда алды. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне қаржылай сыйлық беріліп, арнаулы кубок пен медальдар табысталды. Жарыс қорытындысымен түрлі аталым бойынша да сыйлық табыс

етілді. Атап айтқанда, «Үздік қорғаушы» номинациясында Тараз командасының ойыншысы Нұржан Туғанбай үздік деп танылды. «Үздік шабуылшы» номинациясы «Хабар» агенттігінің Басқарма төрағасы Берік Уәлиге табысталды. «Үздік ойыншы» болып «Ақмешіт» командасының ойыншысы Әділбек Жақанов танылды. Биыл жаңадан тағайын-

далған «Құрмет» аталымы бойынша «Казмедиа» командасынан Мұхтар Тұртаев марапатталды. Жарысқа қатысқан 16 команданың қатарында «Alatau Aqparat» ұжымы да өнер көрсетті.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МАХАББАТ МЕКЕНІ

СЫЙЛАСТЫҚ – отбасылық өмірдің өлшемі



Айнұр
СЕНБАЕВА

Қоғамдағы ең басты құндылық – отбасы. Адамның өмір жолы отбасының табалдырығынан бастау алады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейтін халық даналығының тамыры тереңде. Жанұяда жылуды сезініп, жарасым тапқан ата-анадан өнеге алған ұл мен қыз өмірден өз орнын тауып, өз ұрпақтарын ізгілік пен махаббатқа шомылдырып өсіреді емес пе? Бірақ қазіргі заманда шаңырағында шаттық ұялаған берік отбасының іргетасын қалау да оңай шаруа емес.

Бала келін

Жақында ғана екі жастың шаңырақ құрған үйлену тойының қонағы болдым. Қалыңдық 18-ге де толмаған екен. Күйеу жігіт 27-де. Жиылған жұрт екі жасқа ақ тілектерін ақтарып-ақ жатыр. Дәл осындай қуанышты күні ізгі тілектер ғана айтылады ғой. Отбасылық өмірге жаңа ғана қадам



Суреттерді түсірген Самат Құсайынұлы



басқан бала келіннің жүзіне көз тастасам, сондай бақытты. Өзімен қатарлас бірінші курс оқитын студент курстастарымен ортада флешмоб биледі, содан кейін жұбымен ортаға вальсқа шықты. Әрине, әрбір қыз болашағым жарқын болады деген сеніммен тұрмысқа шығады. Жігіт те таңдаулы жарын бақытты етемі деп үйленеді. Жас жұбайларға қарап отырып, неге екенін қайдам, әсіресе, қалыңдықтың қыз ғұмырымен ерте қоштасқанына аздап жүрегім сыздады. Бәлкім, оны отбасылық өмірдің кейде ыстық, кейде ызғарлы күндерін бастан кешіретінін ойлап, қимағаным болар. Дегенмен, қыз бала өз бақытын түзден іздейтін болғандықтан, енді оның ары қарайғы жолында жақсы адамдардың кездесуін тілеуден басқа амал жоқ. Бала келінді даналыққа жетелейтін ата-ене, түсінігі мол жар болса, қыздың бағы жанғаны...

Әлеужелідегі «әулиелер»

Қазіргі таңда байқап отырсақ, қыз баламен аналардың сырласуы азайып бара жатқандай. Қыздар тәлім-тәрбиені анасынан емес, әлеуметтік желіде қаптап кеткен психолог-коучтардан алып жүргені рас. Бірде миллиондаған қолданушысы бар психологтың тікелей эфирде қыздарға айтып жатқан кеңесін құлағым шалып қалды. «Сен ханшайымсың, сен біреудің үйіне құл болуға барған жоқсың. Келін ешкімнің жалдап алған жұмысшысы емес, бірінші орынға өзіндік қой, өзгелердің сөзіне, көңіліне жалтақтай берме» деген сарында ақыл-кеңесін айтты. Бірақ осындай кеңесті тыңдап отырған өрімдей қыздар, жас келіндер бәрін тікелей түсініп, жұбайына, ата-ана, туған-туысына мінез көрсететінін де естіп жүрміз. «Сенде бала күніңнен қалған «балалық травма» бар, ата-анана ренжүлісің. Сондықтан әке-шешенді кешіруің керек» деген сылтаумен қырық жылғыны қазбалап, жоқ жерден проблема тауып беріп жүргендер де жетерлік. Одан қалса, исламды негізге алып, қыз-келіншектерді жыныстық сауаттылыққа үйретеміз дейтін коучсымақтардың да пайдасынан гөрі жас отбасыларға зияны көп пе деген ойға қаласың. Өйткені, әр отба-

сының өз ішінде ғана талқыланатын нәзік тақырыптарды қазір «хиджап» киген қыз-келіншектер кәсіптің көзіне айналдырды. Өзі бірнеше рет тұрмыс құрып, бағы ашылмаған коучтар да қыз-келіншектерге кеңес беруден алдарына жан салмайды. Сондықтан әр отбасында ата-ана ұл-қыздарымен өздері ашық сөйлесіп, сырласып, бағыт беріп отырғанға не жетсін. Өзі өскен жанұяда ойын ашық айтып, жеке басында туындаған мәселесін бірге шешіп өскен жастардың қай ортаға барса да, қандай өмірлік жағдайларға түссе де, өзіндік пікірі болатыны хақ.

Шаңырақ шайқалмасын десек...

«Отбасының ошағы сөнбеу үшін ерлі-зайыпты екі жақтан бірдей отын салып тұру керек» деген мағынасы терең сөз бар ғой. Өкінішке қарай, қазіргі таңда еліміздегі ажырасудың көп болуына ер мен әйелдің бір-біріне деген сенімі мен сыйластығының төмендігі себеп болып отырғаны анық. Көп жағдайда мамандар некенің бұзылуына халықтың әл-ауқатының нашарлығы, жұмыссыздық, маскүнемдік пен нашакорлық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, белсіздік пен бедеулік себеп болатынын айтады. Осының бәрінің түбінде адамның туып-өскен үйіндегі тәлім-тәрбиесі, жүрген ортасының әсері жатыр. Ал өз үйінде дұрыс тәрбие көрген жастар саналы түрде отбасын құруға талпынады, өз ұяларын бұзбайды.

Статистикалық мәліметтер бойынша елімізде некелескен әрбір үшінші отбасы ажырасады екен. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сенсек, былтырдың



ОҚШАУ ОЙ

Динара БОЛАТ,
«Соңына дейін әйел» кітабының авторы:

Қызға айтылуы керек кеңестер

Қыз тәрбиелегенде, тұрмысқа берерде аналар, жеңгелер қыздарға көп нәрсені айтпай қаламыз. Отбасылық өмірдің осал тұстарын біліп қойса тұрмысқа шықпай қалады деп қорқамыз ба, әйтеуір болуы мүмкін қиындықтарды жіті түсіндірмей, шығарып саламыз. Айтылуы керек:

■ **Жұмысқа шық!** Үйдің ішінде жүргенде өзіңе күтім жасауға, әдемі киінуге себеп болмайды. Ойың тұрмыс тіршілігінен алыстап, сейіле түссін. Жұмысқа шығып ретке келіп, адаммен араласып, заман ағымынан қалмай, қатарда бол. Үйде отырған әйел үйдегілердің көлеңкесіне айналады. Қадірі болмайды.

■ **Табысты бол!** Жеке кәсіп ашасың ба, карьера жасайсың ба, былайша өз атыңды жасайсың ба, табысты бол. Табысты, абыройлы болу арқылы ғана өзіндік барған жеріңе мойындама аласың. Өзгенің қолына қарап отырған адамда ешқашан еркіндік болмайды.

■ **Өз әлеміңді жаса!** Қазір өліп-өшіп тұрса да, күйеуіңнің көңілі мәңгі сенде болмайды. Өзің туған болсаң да балаларыңның да көңілі мәңгі сенде болмайды. Сондай суық, жасалғыз қалған кезде сені жылытатын, қуантатын білімнен, өнерден, сезімнен тұратын өзіңнің әлемің болсын! Айтатын кеңес көп. Бұл негізгілері. Мұны естіп қыздар тұрмысқа шықпай қояды деп қорықпаңыздар! Сүйіп қалған, кетем деген қызды ешкім тоқтата алмаған. Кетсе де осының бәрі есінде болсын!

өзінде 17,7 мың отбасының некесі бұзылған. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда жылына орта есеппен 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы ажырасады. Бұл еліміздегі отбасы институтының әлсіздігін білдірсе керек. Тек біздің елімізде ғана емес, жалпы бүкіл әлемде ресми некеге отырмау, баланы толық емес отбасында өсіру үрдісі белең алып барады. Еліміздің азаматтары саналы түрде отбасылық құндылықтардың бәрінен жоғары екенін мойындағанымен, жаһанданудың ықпалы күшті болып тұр. Бұрын шетелдік әншілердің өзінен 10–20 жас кіші жігіттерге тұрмысқа шығып жатқанын немесе 3–4 рет тұрмыс құрғанын жаңалықтардан еститін едік. Қазір өз елімізде елдің алдында жүрген танымал қыз-келіншектер, тіпті немерелері бар әжелердің өзі төртінші мәрте тұрмысқа шыққанын айтып, айдай әлемге жар салады. Еркіндіктің, ашықтықтың жөні осы екен деп кейбір отбасы құндылықтарынан ажырап барамыз.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЕШКІ СҮТІ ЕМГЕ БАЙ

Сексек ата тұқымын көбейтуге күш салу керек

«Мал өсірсең ешкі өсір, өнімі оның көл көсір» деп кезінде ата-бабаларымыз тегін айтпаған. Бірақ бүгінгі таңда, өкінішке орай, елімізде ешкі шаруашылығына аса көңіл бөлінбей келеді. Ал еліміз менсінбей отырған ешкіні Еуропа елі бүгінде қарқынды өсіріп отыр. Өйткені, бүгінгі таңда аналар сәбиін емшек сүтінен ертерек айыратынды шығарды. Ал ешкі сүті ана сүтімен пара-пар. Оны ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Осы орайда біз ешкінің еті мен сүтіндегі ерекшеліктерге аз-кем тоқталғанды жөн санадық.

Серік
ЖУМАБАЕВАНА СҮТІМЕН
ПАРА-ПАР

Ешкі сүтінің, әсіресе, ана сүтімен ұқсастығы бүгінде әлем ғалымдарының назарын аударып отыр. Ал атам қазақ ешкі сүтінің емдік ерекшелігін, ана сүтінің құрамымен бірдей екендігін баяғыда білген. Өйткені, әдеби және тарихи кітаптардың көбінде емшектегі күйінде анасынан жетім қалған нәрестеге міндетті түрде ешкінің сүті берілетіні жайында көп айтылады. Балаларды қоректендіруде сиыр сүтіне қарағанда, ешкі сүті жарамды. Әрине, бала үшін ана сүтіне жететін тағам жоқ. Бірақ жасанды немесе аралас қоректендіруде ешкі сүті ана сүтін алмастыру үшін лайықты және 6 айдан асқан балалар үшін қосымша қорек ретінде пайдалануға болады екен.

Ешкі сүтінің басты артықшылығы оның қорек ететін шөбінде болса керек. Ғалымдардың зерттеуі бойынша ешкі 200-ден астам шөп түрін қорек етеді екен. Тау-тасқа секіріп, қойдың алдында жүріп, әр шөптің басын шалып, таңдап жейтін ешкі енді бір деректерде 500-ден астам шөп түрін пайдаланатыны анықталған. Дәрумендік қасиеті мен микроэлементтік құрамы жағынан ешкінің алдына еш жануар түсе алмайды екен. Өйткені, бұл жануардың сүті емдік және аурудың алдын алу қасиетімен ерекшеленеді. Тағамдық аллергия, туберкулез, анемия, диабет, ағзаның қорғаныс қызметін арттыру, ағзадан ауыр металдардың тұздары мен радионуклидтерді шығаруда ешкі сүті таптырмайтын ем көрінеді.

ТОҚСАН ТОҒЫЗ
АУРУҒА ЕМ

Бүгінде әлем бойынша жылдам таралып бара жатқан аурулардың бірі – аллергия. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, әлемдегі ересек адамдардың 5%, ал балалардың 15% түрлі аллергиялық ауруларға шалдыққан. Бұл көрсеткіш уақыт өткен сайын үдеп келеді. Аллергиясы бар ата-аналардан туылатын балалардың да аллергиялық ауруларға шалдығу ықтималды-



лығы жоғары болатыны да анықталып отыр. Аллергия – адам бойындағы иммундық жүйеде «ақау» барын білдіреді. Айналадағы қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарға шыдас бермеген иммундық жүйе сыр беріп, аллергияның қозуына алып келеді. Бүгінде қоршаған ортаның тез өзгеріске түсуі адамзаттың бойындағы аллергияның қозуына алып келуде. Ал ешкінің сүтінің аллергияға бірден-бір ем екені дәлелденіп отыр. Керісінше, адамзат баласы бүгінде көп қолданылатын сиыр сүтінің аллергияның қозуына тікелей әсер ететіні дәлелденіп отыр. Осыған орай дәрігерлер бүгінде құрамында сиыр сүті бар тағамдардың орнына құрамында ешкі сүті бар тағамдарды пайдалануға кеңес береді. Аллергиядан басқа ешкі сүті басқа да түрлі ауруларға ем саналады. Сондай-ақ, ағзаның қорғаныстық қасиеттерін арттыруға да ешкінің сүті ерекше әсер етеді. Ешкі сүтінің құрамындағы қанықпаған май қышқылдары да деннің саулығына оң әсерін тигізеді. Аталмыш қышқылдар несепп айдау жолдарына таптырмас ем екен.

АНИМИЯНЫҢ
АЛДЫН АЛАДЫ

Қазақ Тағамтану академиясы мамандарының айтуынша, ешкі сүтінде 12 түрлі дәрумен бар екен. Ешкі сүті адам ағзасында тез қорытылады. Жоғарыда келтірілген артықшылықтарынан басқа ешкі сүтінде кальций, магний, фосфор, марганец, мыс, А, В1, С және Д дәрумендері, аскорбин қышқылы бар. Сиыр сүтіне қарағанда ешкі сүтінде В12 дәруменінің құрамына кіретін кобальттың мөлшері 6 есе көп, ал калийдің жоғары мөлшері ешкі сүтіне әсер етеді. «Сиыр сүтіндегі темірге қарағанда ешкі сүтінің темірі жақсы сіңеді, бұл анемияның алдын алуға аса маңызды», – дейді мамандар. Бүгінде Швейцарияның таулық шипажайларында туберкулез, анемия мен рахит ауруына шалдыққандарды ешкі сүтімен емдеуде. Демек, ауырмаймыз десек, ешкі сүтін тамақ рационымызға міндетті түрде енгізіп қоюымыз қажет.

Жоғарыда келтірілген артықшылықтарынан басқа ешкі сүтінде көп кальций (143.0 мг), магний (14.0 мг), фосфор (89.0 мг), марганец (17.0 мкг), мыс (20.0 мкг), А (0.1 мг), В (0.04 мг), С (2.0 мг) және Д (0.06 мг) дәрумен-

дері, аскорбин қышқылы бар. В12 дәруменінің құрамына кіретін және қан өндірімі үрдістеріне жауап беретін кобальттың мөлшері сиыр сүтімен салыстырғанда ешкі сүтінде 6 есе көп. Сүттің құрамында кальцийдің мөлшерінің мол болуы – жүрек-қан тамыр жүйесіне оңтайлы әсер етеді. Осылайша ешкі сүті минералдық заттерге, дәрумендер мен микроэлементтерге сиыр сүтінен гөрі байырақ, ешкі сүтінің нәруыздары асқазанда тығыздалмауына байланысты сіңімдірек келеді.

БАЛАЛАР ЭПИЛЕПСИЯСЫН
ЕМДЕУДЕ АСА ПАЙДАЛЫ

Ешкі сүтінің көптеген емдік қасиеттері бар. Әсіресе, асқазан ауруларында, анемияда, көздің нашар көруінде, диатезде пайдалы. Емшек жасындағы балаларды қоректендіру үшін аса қолайлы.

АҚШ мамандарының пікірінше, ешкі сүті сиыр сүтіне қарағанда адамның физиологиялық қажеттіліктерін оңтайлы қанағаттандырады. Олардың деректеріне сай, сиыр сүтіне аллергиясы бар адамдардың көпшілігі ешкі сүтін жеңіл көтереді. Канадалық дәрігерлердің айтуынша, ешкі сүті тері мен буын ауруына шалдыққан адамдардың денсаулығына жақсы әсер етеді, әрі өт-тас ауруларын емдеуде, фибромиома мен балалар эпилепсиясын емдеуде аса пайдалы.

ЕШКІ БАҚАННЫҢ
ЕСЕБІ ТҮГЕЛ

Төрткүл дүниеде 1 млрд шамасында ешкі малы бар екен. Оның саны жөнінен Қытай көш бастап тұр. Онда 180 млн басқа жуық Сексек ата тұқымы бағылатын көрінеді. Одан кейінгі орындардағы Үндістанда – 130, Пәкістанда – 50, Бангладеште – 40, Иран мен Нигерияда – 30, Судан, Эфиопия, Индонезия мен Сомалиде 20 млн шамасында малдың осы тұқымы кездеседі. Бізде ше? Олардың саны бар-жоғы 2 миллион бастан аспайды.

Қазақ жерінде ешкі малын өсіруге мол мүмкіндік бар. Елімізде табиғи жайылым көлемі жетеді. Дерекке көз салсақ, Қазақстанда 180 млн гектарға жуық табиғи жайылым бар екен. Одан қалды, ешкі бағуға өте қолайлы 7,2 млн гектар шамасында таулы өңір орналасқан. Сондай-ақ, 20 млн гектар шамасында тасты аймақтар бар. Тастан-тасқа секіріп үйренген ешкі малы үшін жайылым бізде мольнан жетіп жатыр. Өкініштісі, бізде оған деген дұрыс көзқарас жеткіліксіз. Өзіміз баққаннан гөрі, сырттан сатып алғанды оңай санаймыз. Елімізде мал шаруашылығын дамыту бағытында төрт түлік қатарынан «күрметті» орын ала алмай қалса да, ешкі малын өсіруге көңіл бөлгеніміз өте орынды болар еді.

● ТҮЙІН:

Өкінішке орай, отандық нарықта да ешкі сүті мен одан жасалатын өнімдерге мән беріліп отырған жоқ. Ешкі сүтінен дайындалатын балалар тағамдарының тоқсан пайызы шекара асып, шеттен ағылып жатыр. Неше ғасырдан бергі ата кәсібіміз мал шаруашылығы болғанымен, әлі күнге қолда бардың қадірін білмей келеміз. Дұрыстап ден қойсақ, бір ғана ешкінің өзінен еселеп табыс табуға болар еді. Қазір дамыған шет мемлекеттер холестерині көп майлы еттен гөрі диеталық тағамдарға мән беруде. Осы тұста ешкі етінен бренд жасауымызға да болар еді. Ата-бабаларымыз ешкінің аса есімтал мал екенін айтқан. Демек, ешкі өсіруді қолға алсақ ұтылмасымыз анық.

* Қысқа-нұсқа:

- Асқазан және ішек ауруларының кез келген түріне ешкі сүті шипалы. Оның құрамындағы лизоцин асқазан және ішектегі шырышты қабық жараларын емдейді. Сонымен қатар, асқазан сөліндегі қышқылды бейтараптандыратын ерекше қасиетке де ие. Егер асқазан жарасының зардабын тартып жүрсеңіз, онда сізге ешкі сүтімен жүргізілетін мынадай ем көмектеседі. Күн сайын таңертең аш қарынға ешкінің 1 стакан шикі сүтін ішіңіз. Содан кейін кешке дейін ұрттап 2 стакан сүтті тауысу қажет. Емдік курс 21 күн жүргізіледі.
- Диатез және терінің қабынуы сияқты дерттерден ешкі сүтін ішіп біржола арылуға болады. Ешкі сүтін жиі ішетін балалар диатез дертіне шалдықпайды.
- Ұйқы безінің қабынуына (панкреатит) шалдыққан науқас күніне 0,5 стакан шикі сүтті тамақтың алдында 2 ай бойы ішуі қажет.
- Ешкі сүтінің қатерлі ісік ауруының алдын алып, оның жеңіл түрлерінен айықтыратын қасиеті де бар. Сондай-ақ, ол иммунды жүйені қатайтады. Оның емдік тәсілі мынадай: шыны ыдысқа 100 г балды салып, су бұлауында қайнатып ерітеміз. Содан соң, балға еттартиқштан өткізілген 3 жылдық 1 алоэ жапырағын салып, 5 минут қайнатамыз. Осы қоспаны ешкі сүтіне араластырып, тоңазытқышқа саламыз. 6 сағаттан соң алып, 1 сағат сайын әр 10 кг дене салмағына 50 г-нан өлшеп, науқасқа беру керек.
- Косметологияда да өз орнын тапқан ешкі сүті терідегі түрлі бөртпелер мен дақтарды кетіруде табиғи тазартқыш құрал болып табылады. Сонымен қоса, теріні ағартып, шаштың түсуін тоқтатады. Ол үшін әр шашты жуған кезде ешкі сүтімен шайып тұру қажет.
- Ешкі сүтінің құрамында сүйек тіндерін қатайтатын кальций және Д тобындағы дәрумендер қоры жеткілікті. Сондықтан дәрігерлер балаға бір жастан бастап рахит ауруының алдын алу және оны емдеу үшін ешкі сүтін беруді ұсынады. Сондай-ақ, сүйегі сынған адамдар күніне 1 стаканнан ішіп тұрса, сүйегі бітіп, қалпына келу процесі 2 есе жылдам болады.
- Ешкі сүтін Гиппократ күрт ауруымен ауыргандарға ем ретінде ішуді ұсынса, Ибн Сина айналаласындағыларға: «Балаларыңның алдында қартайып, мүсепір халге жеткілерін келмесе, ешкі сүтін ішіндер» деп, ұзақ жасауға пайдасы зор екенін атап өткен екен.
- Артық салмақ тастағысы келетін жандарға да ешкі сүтін ішу ұсынылады. Оның құрамындағы май адам денесіне артық май болып жиналмайды.
- Суық тигенде де пайдасы мол.
- Онкологиялық аурулардың алдын алады.
- Аяғы ауыр келіншектер ешкі сүтін ішсе, баланың қаңқасы, тістері жақсы дамиды.





ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

«Ақшамдықтарға» ақ батасын берді

Сталинград шайқасында генерал-фельдмаршал Паулюсті тұтқындау операциясына («Шеңбер») қатысқан сарбаздардың бірі, «Қызыл жұлдыз», «Бірінші дәрежелі Отан соғысы», т.б. ондаған әскери орден мен медальдың иегері Сәрсенбек Байжанов 9 мамыр күні 100 жасқа толды.

Байжанов ақсақал Сыр бойының Шиелі өңірінде, өзі туып-өскен атакты сазгер-ақын Нартай ауылында тұрады. Шиелі ауданынан Отан соғысына аттанған 5909 адамнан жер басып жүрген жалғыз майдангер.

Ұстазымды құттықтап, шәкірттік міндетімді атқарып, батасын алу мақсатында Алматыдан арнайы үйіне іздеп бардым.

Ұстазымның иығына шапанымды жауып, майдангер өмірінен жазылған мақалам басылған бірнеше газетті («Алматы ақшамы») қолына табыстадым. Арнау өлеңімді оқып бердім. Жырым былайша басталып:

«От кештің толмай жиырмаға
Өткізіп түнді көз ілмей.
Кілең жас өрен дүр дара,
Атойлап тұрған өзіңдей...» дей келіп:
«...Өмірің жатыр үйлесіп,



Ұстаздық жолың бір басқа.
Отырмын ғажайып күй кешіп,
Келгендей өзім Жүз жасқа!», –

деп аяқталады.

Ұстазым «Ақшамға» арнайы алғысын айтып, батасын берді. Құттықтаушылар қатары көбейді. Облыстан, ауданнан түрлі қызмет салаларының басшылары, қоғамдық ұйымдар жетекшілері, шәкірттері, туыстары келіп жылы лебіздерін білдіріп, сый-сияпаттарын жасап жатты.

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев үлкен азаматтық танытып, ғасыр жасаған абыз ардагерге Сыр бойы жұртшылығы атынан автокөлік килтін табыстап кетіпті.

С.Байжанов 1923 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Майдангер ұстаздың өжеттілігін айта кетудің реті келіп тұр. Алматы қаласындағы дайындықтан соң, ант қабылдау рәсімі жүргізіледі. Байжанов әскери антты өз ана тілінде қабылдайтынын айтып, қасарысып тұрып алады. Сондағы уәжі – «Мен Отан-ананы қорғауға аттанып барамын. Елге ант, өзіме серт бергелі тұрмын. Сондықтан қасиетті сөздерді ана тілімде айтсам деймін. Сол менің жүрегімді тербейді, намысымды жаниды», – дейді.

Мұндай тосын мінез бен батыл ұсынысты бұрын-соңды көріп, естімеген офицерлер алғашында қарсылық танытқанымен, ойлана келе жауынгер талабымен келіседі. Байжанов жүздеген майданға аттанушылардың ішінде бір өзі әскери антты қазақ тілінде қабылдайды.

Соғыс жылдары Сталинградты жаудан азат ету шайқасына, Паулюсті тұтқындау операциясына қатысты, қаланың солтүстік батысындағы Магеллан қаласындағы кескілескен ұрыста ауыр жараланып (көзінен, қолынан, аяғынан), екінші топтағы соғыс мүгедегі болып елге оралады. Зайыбы Жәмила Сейітжанқызымен бірге 5 ұл, 6 қыз, 40 немере, 65 шөбере және 3 шөпшек тәрбиелеп өсірді... Қазір ұрпағының рахатын көріп отыр.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
шәкірті.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШ

«Махаббат жаршысымен» кездесті

Белгілі ақын-сазгер, драматург, тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Исраил Сапарбай қаламыздағы Халықаралық инженерлік-технология университетінің студенттерімен кездесті.

Кездесуде университет басшысы Гүлнар Әлібекқызы бір кездегі жақсы үрдістің жалғасып жатқанына ризашылығын білдірді.

Жақсы өлең-жыр тыңдаған жанның көңіл көзінің ашық болатынын айтып, жастарды кітап оқуға шақырды. Бұл күні жырқұмар жастардың да делебесі қозып, ақын ағаларынан бата алып жатты. Кеш өте қызықты өтті. Әсіресе, жастар белсенділік танытып, «махаббат жаршысы» атанған ақынды сауалдың астына алды. Тыңдарманымен қауышқан ақын өлеңдерін оқып, әндерінің шығу тарихын баяндады. Студенттер сүйікті ақынның тәрбиелік мәні зор әңгімесін тыңдап, жандүниелері рухани байып қайтты. Сонымен қатар, Исраил ақын оқу ордасының кітапханасына жаңа кітаптарын сыйға тартты.

Кеш барысында ақынның «Мен қазақ қыздарына қайран қалам», «Егіз лебіз», «Сені сағындым», «Алақаннан ұшқан аққуым», «Сен болмасаң», «Махаббат деген қандай-ды», «Қоштасудың қиыны-ай» сияқты әндері орындалды.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

БАЙҚАУ

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ КИЕЛІ МЕКТЕБІ

халықтардың өзара жақындасуының, рухани жаңаруының
дәнекері ретінде адамзат игілігіне қызмет ете береді

Еліміздің ең алғашқы білім ордаларының бірі – О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі. Осынау жылдар ішінде оқу ордасы елімізге ғана емес, әлемге танымал суретшілердің шоғырын түлетті. Қаншама буын өкілін тәрбиеледі.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінгі таңда да айтулы мекеме ұлттық өнерді насихаттау аясында түрлі деңгейдегі іс-шаралар мен байқауларды жиі өткізіп отырады. Соның бір дәлелі ретінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен ЮНЕСКО Қазақстан Ұлттық клубтары федерациясының қолдауымен «Art-Zaman» жас суретшілердің I Халықаралық қашықтық байқауы өтті.

Кемел қоғамға бет бұрған Әділетті Қазақстанның алдында тұрған басты мақсаттың бірі – институтияландыру арқылы ұлт сапасын жаңа арнаға бұрып, сол арқылы бірегейлену үдерісінің сәтті үлгісін жасау. Осы ретте ұлттық гуманитарлы білімнің рөлінің орасан екені нық байқалады. Жас ұрпақты ұлттық бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнерге баулу академиялық кескіндеме мектебінің шеберлігін көрсетсе керек. Сондықтан осы бағытта ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан бейнелеу өнерінің «ұстаханасына» айналған О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі де ұлттық өнердің киелі мектебі.

Аталмыш колледж базасында өткен халықаралық байқауға 275 қатысушы 435 жұмысын жолдады. Байқауға келіп түскен жұмыстарды әділқазылар үш номинация – станокты кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер және мүсін бойынша бағалады. Бұл ретте әділқазылар құрамы да осал емес көрінеді. Қазақстан, Ресей, Қырғыз Республикасының белгілі суретші-педагогтары, академиялық орта өкілдері мен профессор-оқытушылар болды. Осынау байқау барысында еліміздің 15-ке жуық оқу орнынан келген қатысушылар мен жеңімпаз жұмыстардың онлайн көрмесі, шеберлік сағаттары өтті. Ұйымдастыру комитетінің шешімімен байқау екі түрлі жас аралығында (14–16, 17–20 жас) өткізілді. Жас таланттарды ынталандыру мақсатында жүлделі орындардан бөлек, «Үздік композициялық жұмыс», «Үздік академиялық реализм стиліндегі жұмыс», «Ұлттық нақышты көркемдеп жеткізу», «Үздік шығармашылық көзқарас», «Ең креативті жұмыс», т.б. номинациялар қарастырылды. Халықаралық кәсіби әділқазылар алқасы ұйымдастыру коми-

тетінің жұмысын жоғары бағалады. Халықаралық байқауды ұйымдастыру комитетінің төрағасы – О.Таңсықбаев Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің директоры, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері Зура Жұмаметқызы өнер қай кезде болсын халықтардың өзара жақындасуының, рухани жаңаруының, бірін-бірі байытудың дәнекері ретінде адамзат игілігіне қызмет ете беретіндігін атап өтті.

Сонымен, өткен байқау жас суретшілер арасында мәдени интеграция мен тәжірибе алмасудың бірегей алаңына айналды. Таңсықбаев мұрасын насихаттауда, қазақ қылқалам өнерінің потенциалын әлемдік аренада айшықтауда осындай байқаудың орны ерекше екені белгілі.

Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінде мүсінші, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, «Парасат» орденінің, халықаралық «Тұран» сыйлығының иегері, аталмыш колледждің 1987 жылғы түлегі Болат Құсайыновтың «Ғасырлар үні» атты шығармашылық көрмесі ашылды.

Әрине, бұл жұмыстар Болат Құсайыновтың 30 жылдық қажырлы еңбегі мен тың шығармашылығының жемісі екені айқын. Өнер иесі Болат Құсайынов 1987 жылы Алматы көркемсурет училищесін, 1992 жылы Т.Жүргенов атындағы Алматы театр-көркемсурет институтын «Монументалды мүсін» мамандығы бойынша бітірген. Қазір Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің Бейнелеу өнері кафедрасында оқытушы.

Мүсінші өнердің ең күрделі саласында 1992 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оның қолынан шыққан «мәңгілік бейнелерді» Қазақстанның барлық аумағынан кездестіруге болады. Мәселен, өнер иесінің Абай бюсті Үшарал қаласында, Қабанбай батырдың граниттен соғылған ескерткіші Үржарда, «Малайсары-Тархан» атты қола ескерткіші Павлодар қаласында, Райымбек батырдың гранит бюсті Есік қаласында, Тауасар, Қазыбек би, Молдабай, Қасқараның ескерткіші Алматы облысында, Қабанбай батырға арналған қола ескерткіш Талдықорған қаласында, Ғабит Мүсіреповтің қола бюсті Петропавл қаласында орналасса, Абайдың бюсті Будапешт қаласында да тұр.

Көрмеге арнайы келген қонақтар ҚР Журналистер одағының мүшесі Құдайберген Пшембаев, колледж директоры, өнертанушы Зура Жұмаметова, мүсінші Ескен Сергебаев, Еуразия дизайнерлер одағының төрағасы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Ермек Асылханов, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы Байділда Бауыржан, өнертанушы Жанарбек Берістен мүсіншінің халқына деген сүйіспеншілікпен сомдаған жұмыстары жеке жұмысы емес, еліміздің бай мұрасы екенін айтты.

«Ғасырлар үні» атты көрме 25 мамырға дейін жалғасады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Александр РОЖНИКОВ, Гжель мемлекеттік университеті бейнелеу өнері, дизайн институтының директоры, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген суретшісі, Ресей көркемсурет академиясының академигі:

Достық, ең алдымен, тәжірибе мен ұйымдастырушылық қатар өрбіген байқаудың Ұйымдастыру комитетіне алғысымды білдіремін! Болашақта осы байқау қатысушыларының жұмыстарын тағы да бағалап, талдаймыз деген үміттемін.

Рахат ТОКТОБАЕВА, Қырғыз Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Қырғыз Республикасы мәдениет саласының үздігі, Қырғыз Республикасы Суретшілер одағының мүсін секциясының төрағасы:

Колледж әкімшілігіне байқаудың өтуіне жасалған жоғары жағдай үшін алғысымды білдіремін! Әрине, ерекше алғысты әділқазылар алқасына айтамын. Сондай-ақ, Г.П.Московская, А.Азамат, И.Чаланов, М.Ө.Өскенбай, С.Б.Табиева, Ж.Матаев сынды өнер қайраткерлерінің жастарға білдірген сенімі мен ақыл-кеңесі мені де қанаттандырды.



КЕЗДЕСУ

Газетіміздің алдыңғы нөмірлерінде радиофобия ұғымы және оның қоғамға зияны туралы тоқталып өткенбіз. Бұл мәселені елімізде қызмет көрсететін байланыс операторлары да айтып отыр. Олар тұрғындар шағымы салдарынан Алматының қандай тұрғын үйлерінде интернет сапасының төмен немесе мүлдем жоқ екенін хабарлады.

Досбол
АТАЖАН

Алматыдағы бір байланыс операторы БАҚ өкілдеріне арналған кездесу ұйымдастырып, байланыс саласы және радиофобия туралы мәліметтермен бөлісті. Компания деректеріне сүйенсек, 2022 жылы тұрғындар шағымы бойынша 340 байланыс станциясы мүлдем алынып тасталған не басқа орынға көшірілген. Ал 2021 жылы адамдар қарсылығы салдарынан жоспарланған байланыс станцияларының 40 пайызы уақытында орнатылмаған және бүгінде өз уақытында орнатылмаған 627 станцияның жабдықтары қоймаларда тұр. Сондай-ақ, компания өкілдері әрбір үшінші байланыс станциясының құрылысы қарсылыққа тап болатынын айтады.

Ұялы байланыс операторының мамандары радиофобия мәселесі ауылдарға қарағанда ірі қалаларда кездесетінін айтады.

— Шалғай ауылдарда адамдар 2G не 3G жылдамдығымен отырады. Олар біз барсақ, қуана қарсы алады. Тіпті, байланыс станциясы орнатылғанда ауыл болып той жасайтын жағдайлар да кездескен. Бір қызығы — қала және аудан орталықтарының тұрғындары радиофобияға көбірек бейім болып келеді. Радиофобиядан басты зардап шегіп отырған Алматы және Астана қалалары, — деді байланыс операторының өкілі.

РАДИОФОБИЯ

Алматыдағы интернетті тұсаулап отыр



Адамдарға жылдам интернет болғаны ұнайды, бірақ оған өздері қарсы әрекет жасайды

Компания өкілі байланыс станциясынан қорқып, оны орнатуға қарсылық білдірген және соның салдарынан интернет байланысы жоқ не жылдамдығы төмен Алматыдағы тұрғын үй кешендерін таныстырып өтті.

Олар:

- «Alma city» ТК;
- «Alma city-5» ТК;
- «Верный» ТК;
- «Береке» ТК;
- «Шахристан» ТК;
- «Сезам» ТК;
- «Әлім» ТК;
- «Samal Tower» ТК;
- «Три Богатыря» ТК

• «Жұлдыз-1», «Жұлдыз-2», «Орбита», «Тастақ», «Жас қанат» ықшамаудандары.

— Құрылыс жүргізуші компаниялар немесе МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі) төрағалары бізден интернет қосып беруімізді сұрайды. Біз оған келісіп, жаңа тұрғын үйлердің шатырына шағын байланыс станцияларын орнатамыз. Бірақ біраз уақыт өткен соң, сол үйдің тұрғындары шағым жасап, біздің құрылғыларды алып тастайды. Жақында мұндай жағдай Алматыдағы «4YOU» тұрғын үй кешенінде орын алды. Үй тұрғындары байланыс станциясын барлық ток көздерінен өз

беттерінше ажыратып тастаған, әрі біздің компанияға ескертпеген. Бүгінгі күні бұл жерде тұратын адамдар қайтадан интернет әлсіз екеніне шағымданып отыр, — деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ, ол жалған ақпаратқа сеніп, байланыс станцияларын алып тастау салдарынан тұрғындардың өздері зардап шегетінін түсіндіріп өтті.

— Кей тұрғындар байланыс станцияларын үйдің жер төселісіне немесе үйден аулақ жерге орнатуымызды сұрап жатады. Бірақ мұндай жағдайда біздің станциялардан ешқандай пайда болмайды. Байланыс станциялары жақсы жұмыс істеуі үшін ешқандай кедергісіз бір-біріне қарап тұруы керек. Оның алдын бір нәрсе шектейтін болса, байланыс желілері одан өте алмайды. Сондай-ақ, айтылған станцияларды тиісті орынға емес, үйден алыс жерге орнататын болсақ, онда интернет тұрғын үйде емес, басқа жерде болатынын түсінбей жатады. Түптеп келгенде, шағым жазып, базалық станцияларды алып тастағаннан кейін тұрғындардың өздері зардап шегеді, — деп түсіндіреді ол.

Спикер қауесет сөзге еріп, радиофобияға сенудің қажеті жоқ екенін айтады.

— Осы орайда, ұялы байланыс операторлары үшін өте қатал талаптар қойылатынын айта кеткен жөн. Бізде санитариялық нормаларға сәйкес 10 микроватт соққы рұқсат етілген. Америка, Еуропа елдерінде бұл талап 100 не одан көп болуы мүмкін. Яғни біздегі қуаттылық 10 есе аз. Адамдарға жылдам интернет болғаны ұнайды, бірақ оған өздері қарсы әрекет жасайды. Тұрғындар қолдарындағы телефон базалық станциямен бір байланыс желісінде жұмыс істейтінін түсінуі қажет. Яғни байланыс станцияларынан қаншалықты қауіп болса, онда қолдарындағы телефонда да сондай қауіп бар, — деді ол.

МӘМС

АЛМАТЫЛЫҚ АҚХАЛАТТЫЛАР

8-қабаттан құлап кеткен жігітті аман алып қалды



Алматылық дәрігерлер 8-қабаттан құлап кеткен ер адамды аман алып қалды. Оған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде бірнеше ота жасалды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, 19 жастағы жігіт аурухананың қабылдау бөліміне аса ауыр халде жеткізілген. Пациент шұғыл түрде жансақтау бөліміне жатқызылды. Дәрігерлер оның миы шайқалып, жабық бас-ми жаракатын, салдарынан бірінші-екінші дәрежелі травматикалық шок алғанын және көптеген сүйектері сынғанын анықтады. Орталық қалалық клиникалық аурухананың Ортопедия бөлімі меңгерушісі Қанат Тәуекеловтің айтуынша, жансақтау бөлімі қызметкерлері алдымен пациентті жарақат салдарынан болған шоктан арылтты. Жағдайы тұрақтанғаннан кейін екі күннен соң дәрігерлер ота жасау туралы шешім қабылдады.

«Екі кезеңмен бірнеше операция жасалды. Бірінші ота «сынған жамбас сүйегін ашық репозициялау, пластинамен және бұ-

рандалармен бекіту» деп аталады. Науқас есін жиып, жағдайы жақсарған соң екінші ота жасалды. Бұл операция барысында сүйек тіндерін сынған жерден бір-біріне металл конструкциялардың көмегімен жалғандық», — дейді Қанат Тәуекелов.

Мамандар сөзіне сүйенсек, жоғары технологиялардың көмегімен жасалған операция аса күрделі манипуляциялар қатарына жатады. Мұндай оталар МӘМС пакеті шеңберінде ғана жасалады. «Біз пациентті емдеу барысында оның өмірін сақтап қалуды басты мақсат етіп қойдық», — дейді Қанат Тәуекелов. — Сонымен қатар, мүгедек болып қалмауы үшін барымызды салдық. Нәтижесінде біз науқастың өмірін сақтап қана қоймай, аяққа тұрғыздық». Бір айта кетерлігі, пациент операциядан кейін екінші күні-ақ аяққа тұрды. Орталық қалалық клиникалық ауруханада реабилитациядан өтті. «Бүгінде ауруханадан шыққан жас жігіт өз бетінше жүріп-тұрады», — дейді дәрігер.



Алматыда Еңбекшіқазақ ауданының (Алматы облысы) 65 жастағы тұрғынына жүректің жасанды сол жақ қарыншасы (LVAD) имплантталды. МӘМС есебінен қаржыландырылатын мұндай операция Алматыда осымен екінші адамға жасалып отыр. Екеуі де сәтті өтті.

ЖҮРЕК ДЕРТІ

Әлемде бұл сырқатқа 70 млн-нан астам адам шалдыққан

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Пациент 2017 жылдан бері ишемиялық дилатациялық кардиомиопатиядан зардап шегеді. Сол жақ қарыншаның шығарылым фракциясы өте төмен болған — небәрі 20%. Алдыңғы төмендейтін артерияға стент орнатылған. Сонымен қатар, жүректің тоқтап қалуының алдын алу үшін кардиовертер-дефибрилятор имплантталды. Жүрек жеткіліксіздігін декомпенсациялауға бағытталған ем-шаралардың бірнеше курсы қабылдаған.

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рүстем Төлеутаевтың айтуынша, пациент отаға дейін үш рет жансақтау бөлімінде жатқан. Осыған дейін ауруханаларда жасалған емдом нәтиже бермеген. «Бұған дейін мұндай диагноз қойылған науқастар ағзаның резервтік мүмкіндігіне қарай өмір сүретін. Енді олардың өмірін ұзартуға мүмкіндік бар.

Қазір осындай аппараттар әлемде көп орнатылып жатыр. Дегенмен, операция құны қымбат болғандықтан мұндай оталарды екінші бірінің қалтасы көтере бермейді», — дейді дәрігер.

Қазір науқастың жағдайы жақсы, ісігі қайтып, енгізілген басылған, ұйқысы да реттеліп, ауруханадан шыққан.

Тақырыпқа орай айта кетсек, мамыр айының басында бүкіл әлем бойынша Халықаралық жүрек жеткіліксіздігі туралы хабардар болу апталығы аталып өткен болатын. Іс-шара аясында еліміздің барлық емханасында, кардиоорталықтарда «Ашық есік» ұйымдастырылып, тұрғындар кардиолог-мамандарға тегін қаралды.

Жүрек жеткіліксіздігі АҚШ пен Еуропада өлім-жітімге себепші болатын аурулар арасында екінші орында тұр. Әлемде бұл дертке 70 млн-нан астам адам шалдыққан. Әрбір 5-ші науқас диагноз қойылғаннан кейін бір жыл ішінде өмірден өтетін көрінеді. Бүкіл ағзаның генераторы болып саналатын жүректі сақтайық.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



Су уақытша болмайды

Алматының екі ауданындағы бірнеше тұрғын үй технологиялық жабдықты жоспарлы ауыстыруға байланысты бір күнге суық судан ажыратылады.

17 мамырда сағат 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін Медеу ауданының «Атырау-1, 2, 3» шағынаудандарындағы тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттарға суық су беру тоқтатылады.

18 мамырда сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін Әуезов ауданының «Таугүл-1» шағынауданы №44-52, «Таугүл-2» шағынауданы №1-4, 7-9, 12-14, 21-30, 36-40, 95-97 үйлерінде су беру уақытша тоқтатылады. «Алматы Су» МКК уақытша қолайсыздыққа түсіністікпен қарауларыңызды сұрайды.

ФУТБОЛ

«Қайрат» – 20 дүркін Қазақстан чемпионы!

Алматы командасы футболдан Қазақстан чемпионатының жиырма дүркін жеңімпазы атанды.



Футзалдан Қазақстан чемпионаты финалдық серияның үшінші ойыны аясында «Аят» пен «Қайрат» АФК арасында кездесу өтті. Кездесу 5:1 есебімен алматылық клубтың пайдасына аяқталды. Осылайша «Қайрат» финалдық серияда алға шықты – 2:1. Жеңімпаздар қатарында Дуглас Жуниор (хэт-трик) мен Дәурен Тұрсағұлов (дубль) голдың авторы атанды. Алаң қожайындары сапында Луан Марсело гол соқты.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жәнібек Әлімханұлы (13-0, 8 KO) АҚШ-тың Калифорния штаты Стоктон қаласында өткен бокс кешінде өнер көрсетіп, қарсыласы канадалық Стивен Батлерді 2 рет нокаутқа жіберді. Содан кейін нокаут тіркелді.



ЖЕҢІСТІ КҮНДЕР ЖАЛҒАССЫН...



Он екі раундқа есептелген жекпе-жекте WBO нұсқасы бойынша орта салмақта қазақстандық боксшыға тиесілі чемпиондық белдік сарапқа салынды. Осылайша Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой бокста он төртінші жекпе-жегін өткізіп, WBO чемпиондық белдігін қорғап қалды. Жәнібек өзінің чемпиондық белдігін екінші рет сәтті қорғады.

Ал Қазақстанның бірінші, әлемнің 6-ракеткасы Елена Рыбакина Рим мастерс турнирінің төртінші айналымына өтті. Қазақстандық теннисші үшінші айналымда дүниежүзілік рейтингте 57-орында тұрған ресейлік Анна Калинскаямен шеберлік байқады.

Сондай-ақ, шайбалы хоккейден Қазақстан ұлттық құрамасы Финляндияның Тампере және Латвияның Рига қалаларында өтіп жатқан әлем чемпионатын жеңіспен бастады.



БАЙҚАУ

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

«БАЛАФЕСТ» фестивалі өтті



Халықаралық Балаларды қорғау күні қарсаңында «Алматы Дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен №8 мектеп-гимназияда «БАЛАФЕСТ» фестивалі 7 бағыт бойынша өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Оған ауданның өнерлі оқушылары қатысты. Байқауды Алматы аудандық білім бөлімінің басшысы Зоя Қойшыбаева ашып, өнерлі балаларға ақ жол тіледі.

Осыдан кейін байқаудың «Өнерлі бала» (сәндік-

қолданбалы өнер) колөнер байқауына қатысушылардың өнері сынға түсті. Байқау барысында 80 қатысушының жұмысының ең үздік деп танылған 43-і қалалық кезеңге жіберілді.

Әділқазылар алқасының төрағасы Ықылас Шайхиев бастаған Ольга Сергиенко, Дина Жиенбайқызы үздік жұмыстардың әділ бағаларын берді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртекті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

КҮЙШІ ҚЫЗ

қазақ боксшыларын
«Адай» күйімен жігерлендірді

Міне, жер-жаһан назарын бір өзіне аударған бокстан әлем чемпионаты да мәресіне жетті. Алған әсеріміз шексіз. Ең басты қуаныш сол, қазақ жігіттерінің қанжығасы майланды: төрт алтын, бір күміс. Оларды жеңіске шабыттандырған жанкүйерлер де аз емес.

Мәселен, қостанайлық күйші Толғанай Асхатқызы ұлттық аспабымыз – домбыраны насихаттау мақсатында Ташкентке қыдырып келген жерінен такси жүргізушісінен мұнда бокстан әлем біріншілігі өтіп

жатқанын естиді. Сосын дереу спорт аренасынан табылады. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ хабарлады.

«Өмірімде бірінші рет әлем чемпионатын көзбен көріп, спортшыларымызға жанкүйер болып отырмын. Оларға рухты күй орындап, кішкене де болса жанкүйерлік тілегімді жеткізгім келді. Күй десе, қазақ рухтанып кетеді ғой. Одан бөлек, домбырамызды да басқа елдің өкілдері көрсе, таныса

деген тілегім болды. Домбырама қызығушылық танытып жатқандар көп», – деген болатын қазақтың күйші қызы біріншілік кезінде.

Иә, әлем чемпионатының жартылай финалында Толғанай қазақ жанкүйерлерінің арасына келіп, Құрманғазының «Адай» күйін орындаған. Бұл туралы видеожазба әлеуметтік желіде тез тарап үлгерді. Күйді ерекше әсерленіп тыңдағандар қатарынан Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбырайымовты да байқап қалдық.

Толғанай Асхатқызы 12 жасынан бері домбырада ойнайды және музыкалық кәсіби білімі бар. Ал ең бастысы – елін, жерін, ұлттық дәстүрін, өнерін сүйетін үлкен жүрегі бар.

БІЗДІҢ САНЖАР

ақшаны емес, Әнұранды қадірлейді



дәл осы көрініс «Қазнетті» тәтті етті. Бұл видео миллиондаған қаралым жинап, жарты миллионға жуық пікірге ие болды.

«200 мың долларды жерге тастай салды ғой, жарайсың!». «Қолын кеудесіне қою үшін ақшаны жерге қоя салды, жарайсың, азамат екенсің, Тәшкенбай!». «Қаншама елдің алдында суырылып шығып, қазақтың Әнұранын шырқатты, жарайсың, бауырым!». «Көзіне еріксіз жас келеді. Алға!». «Мықтысың! Жарадың! Керемет!». «Өзбекстанда каншама қазақ бауырлар бар, бәрі қосылып тұрды Әнұранға.

Жарайсыңдар, жеңіс құтты болсын, марқұм Бекзатты (Саттарханов, – ред.) қайталады десе де болады». «Тамаша! Қазағымның Көк Туын әлем аспанында желбіреткен жеңімпаз Санжар, жарайсың! Асулардан аса бер, жеңістер көп болсын!». «Бақытты бол, балам! Тіл-көзден сақта-сын!». «Жарайсың, нар жігіт, бар жігіт!» деген пікірлер қалдырып жатты видеоны көрген әлеуметтік желі қолданушылары.

Еске сала кетсек, Ташкентте өткен әлем чемпионатында 48 келіге дейінгі салмақтағы жекпе-жекте Санжар Тәшкенбай финалда грузин боксшысы Сахил Алохвердовиді айқын басымдықпен жеңіп, әлем чемпионы атанған болатын.

Бокстан өткен әлем чемпионатында иеленген төрт алтынымыздың біреуін мойнына таққан Санжар Тәшкенбай мәртебелі марапатын күтіп Ташкенттің қақ төрінде тұр. Бір қолында – белбеуі, екінші қолында – «200 мың АҚШ доллары» (сертификаты).

Бір кезде біздің Әнұран орындала бастағанда қолын жүрек тұсына қою үшін «200 мың АҚШ долларын» дереу жерге қоя сала, оң қолын кеуде тұсына апарып, қосыла шырқай кетті. Жүректі елжіретер

РУХАНИЯТ

Суретші
«Сағынышы»

Мегаполис төріндегі Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде суретші, коллекционер, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Гүлмарал Тәтібаеваның «Сағыныш» атты көрмесі өтіп жатыр.

Көрмеге көпбалалы суретші ананың 50-ден астам туындысы қойылған. Олардың арасында инсталляция, кескіндеме, графика бар. Бұл Г.Тәтібаеваның 10-шы жеке көрмесі. Оның шығармалары республикамыздың, таяу және алыс шетелдердің музейлерінде, сондай-ақ жеке коллекцияларда сақталған.

Әйел-аналар тұлғасына басымдық берілген көрмеде «Great QAMZOL» және «Аңыз» деп аталатын екі инсталляция ұсынылған. Бұл жұмыстарда әйел бейнесі күш-қайрат пен төзімділіктің иесі ретінде көрініс тапқан.

«Бұл инсталляцияны жасау үшін мені өмірдегі ерен еңбегіммен таңқалдыратын әйелдер шабыттандырды. Менің жолымда олар кездейсоқ кездескен жоқ деп ойлаймын. Олардың барлығы батылдық, жоғары рухани және сонымен бірге биязылық, терең даналық пен жанқиярлық қасиеттердің үлгісі. Мен олардың бейнелерін ақ кенепке түсіргім келді. Қазақ халқының түс символизмінде ақ түс – жоғары әлемнің түсі, тазалық пен сенімнің түсі. Дәп осы ақ матадан қазақ шеберлері әйелдердің бас киімі – кимешекті тіккен», – дейді Гүлмарал Тәтібаева. Ол бұл кескіндерді жасау үшін цианотип техникасын қолданыпты.

Гүлмарал Тәтібаеваның «Сағынышы» 7 маусымға дейін жалғасады.

Жұпардың
тағдыры

Отандық белгілі режиссер Ардақ Әмірқұлов ашаршылық туралы «Жел тоқтаған жер» атты жаңа фильмін түсіріп бітті. Бұл туралы Ұлттық киноны мемлекеттік қолдау орталығының өкілдері хабарлады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген кино қазір монтажда-лып жатыр.

...Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында екі жас баласын жетектеп алған Жұпар жалған айыппен Сібірге жер аударылған күйеуін іздеп, алыс жолға шығады. Жас келіншек жолай түрлі қиындық пен сынақтан өтіп, Қазақстанның шексіз даласында ашаршылықтың шеңгеліне іліккен талай жанды кездестіреді.

«Жел тоқтаған жер» ақ-қара форматта түсірілген. «Ақ-қара формат сол жылдардағы атмосфераны сезіндіру үшін таңдалды, ол көрерменді деректі, тарихи шежіреге бағыттайды», – дейді режиссер.

Туындының түсірілім жұмыстары былтыр күзде Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Мыңбаев ауылында, Қосқұдық теміржол станциясында және Қонаев қаласының маңында өткен. Басты рөлдерді Жанар Шопанова, Салих Бейсенбай, Мейіржан Мұсақожа ойнайды.

Картинаны прокатқа шығару осы жылдың күзіне жоспарланған. Сондай-ақ, фильм авторлары «Жел тоқтаған жерді» («Земля, остановившая ветер») халықаралық кинофестивальдерге де қатыстыруды көздеп отыр.

«Балғын қиял
бояулары»

Алматы музейінде Қазақстан мен Өзбекстан суретшілер одақтарының мүшесі Борис Лимнің «Балғын қиял бояулары» («Акварель моя босоногая») атты көрмесі ашылды. Бұл көрмеге Алматы қаласы Мәдениет басқармасы қолдау көрсетті.

Борис Лим Жетісу жерінде дүниеге келген. Сурет өнеріне бала күнінен ғашық болыпты. Ташкент пионерлер үйінің изостудиясы бастамасымен 12 жасында алғашқы жеке көрмесі өткен. Ол Ташкент көркемсурет училищесінің театр бөлімін тәмамдап, Мәскеудегі Ресей халық шығармашылығы үйінде сырттай оқыған.

Борис Лимнің еңбек жолы бай тәжірибеге толы десек те болады. Самарқан мемлекеттік опера және балет театрында декоратор, монументалды дизайнер, кітап иллюстраторы, әрі «Өзбекфильм» киностудиясында кино суретшісі болып жұмыс атқарған. Корей диаспорасының шақыртуымен 1997 жылы Қазақстанға оралған. Жиырма бес жылдан бері Алматыда еркін суретші болып жұмыс істейді.

Суретші шығармаларында классикалық академизмнің шектеулеріне бағынбай, сырлы сезімдерін білдіре алады. Ол акварельмен сурет салу техникасының көмегімен сұлулықты бейнелеудің жаңа формаларын іздеп зерттейді. Бұл оның бүгінгі «Балғын қиял бояулары» көрмесінде айқын көрініс тапқан дейді әріптестері. Көрмеге суретшінің 30-дан астам туындысы қойылған.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.